

Мемлекеттік орман қоры аумағында жеке тұлғалардың өз қажеттілігіне ақысыз, рұқсат беру құжаттарынсыз жабайы жеміс, жаңғақ, саңырауқұлақ, дәрілік өсімдік шикізаттарын және орман ресурстарын жинау нормаларын бекіту туралы

Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 38-12 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 шілдеде № 2708 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының Орман кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Кодекстің 42 бабының 2, 3 тармақтарына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты **шешім ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мемлекеттік орман қоры аумағында жеке тұлғалардың өз қажеттілігіне ақысыз, рұқсат беру құжаттарынсыз жабайы жеміс, жаңғақ, саңырауқұлақ, дәрілік өсімдік шикізаттарын және орман ресурстарын жинау нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде дәрілік өсімдік шикізаттарын, жабайы жемістерді және басқа да орман ресурстарын тегін пайдалану нормаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2005 жылғы 15 желтоқсандағы № 12-18 шешімінің (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2006 жылдың 9 қаңтарында № 1634 болып тіркелген, "Ақ жол" газетінде 2006 жылдың 17 қаңтарында № 7 (15662) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, экология және табиғатты пайдалануды дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы
С. Қалманбетов

Облыстық мәслихаттың
хатшысы
Б. Қарашолақов

"Келісілді"

Жамбыл облысы бойынша
мемлекеттік кірістер

департаментінің басшысы

А. Тынысбеков

"Келісілді"

Жамбыл облыстық орман шаруашылығы

және жануарлар дүниесі аумақтық

инспекциясының басшысы

Қ. Кемелов

Жамбыл облыстық маслихатының 2015 жылғы

25 маусымдағы

№ 38-12 шешіміне қосымша

Мемлекеттік орман қоры аумағында жеке тұлғалардың өз қажеттілігіне ақысыз, рұқсат беру құжаттарынсыз жабайы жеміс, жаңғақ, саңырауқұлақ, дәрілік өсімдік шикізаттарын және орман ресурстарын жинау нормалары

№	Атауы	1 адамға жинау нормасы, килограмм
1	Өз қажеттіліктеріне дайындау:	5,0
	Қ а м ы с	1,0
	Ш и	2,0
	Сыпырғы жасау үшін жынғыл дайындау	3,0
	Сыпырғы жасау үшін қарағаш дайындау	2,0
	Сыпырғы жасау үшін жусан дайындау	
2	Дәрілік шөптер және техникалық шикізат, соның ішінде:	бір түрінен 1,0 килограмм,
	Шөптер, гүлдер, гүл шоқтары, гүл түйіндері, тамырлар (ылғал күйінде)	әр түрінен 3,0 килограмнан артық емес
3	Жабайы жидектер мен жемістерді дайындау:	
	А л м а л а р	5,0
	Д о л а н а л а р	5,0
	Ө р і к т е р	5,0
	Ж и д е л е р	3,0
	Ж а ң ғ а қ т а р	3,0
	Саңырауқұлақтар	3,0
	Басқа да түрлі жидектер (ылғал күйінде)	3,0